

**1941**



**1945**

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



**Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!**



**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ  
ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ  
ИНСТИТУТЫ**

# **СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ 1941-1945**

**ҚЫСҚАША ТАРИХ**

**Орысшасының өңделіп, толықтырылып  
екінші басылуынан**

**«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1972**

Екінші басылуының редакторлар тобы:

МИНАСЯН М. М. (редакторлар мен авторлар коллективінің жетекшісі),  
БОГДАНОВ П. П.,  
БУРЛЯЙ А. А.,  
ЕМЕЛЬЯНОВ А. П.,  
ЕРМИНА М. П.,  
ЕРШОВ А. Г.,  
КРЕСТНИКОВА Н. В. (ӘДЕБИ РЕДАКТОР),  
ПРОКОФЬЕВА Е. А. (ЖЕТЕКШІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ).

Авторлар коллективі:

АНИСИМОВ Н. И.,  
БОГДАНОВ П. П.,  
БОГУШ Е. Ю.,  
БОЛТИН Е. А.,  
БУРЛЯЙ А. А.,  
ВАКСМАН Л. С.,  
ВАСИЛЕНКО В. А.,  
ГУРЕВИЧ С. М.,  
ДОЛГИЙ М. С.,  
ЕМЕЛЬЯНОВ А. П.,  
ЕРШОВ А. Г.,  
ЗАСТАВЕНКО Г. Ф.,  
КЛИМОВ И. Д.,  
МИНАСЯН М. М.,  
ОСТОЯ-ОВСЯНЫЙ И. Д.,  
ПОКРОВСКИЙ С. С.,  
ПРОКОФЬЕВ Е. А.,  
РАСКАТ М. Я.,  
РОЩИН С. И.,  
СЕКИСТОВ В. А.,  
ТАВРОВСКАЯ Г. М.,  
ТАМОНОВ Ф. И.,  
ТЕЛПУХОВСКИЙ Б. С.,  
ТРАКТУЕВ М. И.,  
ФОКИН Н. А.,  
ШЕХОВЦОВ Н. И.,

~~АРХИВНИЙ  
Ф. 1. Д. 1. Д.~~

Гос. респ. библиотека  
КССР им. А. С. Пушкина  
Инв. 23734

**Социалистік  
Отанымыз жолында,  
халықтарды  
фашистік езгіден  
азат ету жолында  
өзінің өмірін  
құрбан еткен  
совет адамдарының  
жарқын бейнесін  
мәңгі есте сақтауға  
арналады**

*Жұмысшылары мен шаруаларының көпшілігі өздерінің Совет өкіметін — еңбекшілер өкіметін қорғайтынын, жеңген күнде өздерінің және өз балаларының мәдениет игіліктерінің бәрімен, адам еңбегі жемістерінің бәрімен пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ететін істі қорғайтынын білгенін сезген және көрген халық еш уақытта жеңілмейді.*

*В. И. Ленин*

## РЕДАКЦИЯДАН

«Совет Одағының 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы. Қысқаша тарих» Отанымыздың тарихындағы ең ауыр соғыстың аса маңызды оқиғалары туралы, неміс-фашист басқыншылары мен жапон милитаристеріне қарсы қанқұйлы күресте совет халқының және оның армиясының басына түскен сұмдық қиыншылықтар туралы әңгіме етеді. Бұл — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төтенше қиын соғыс жағдайында елге қалай басшылық еткенін, халықтардың моральдық-саяси бірлігі мен достығын қалай нығайтқанын әңгімелеп береді. Бұл — партия мен үкіметтің аса қысқа мерзім ішінде бірінші бесжылдықтар ішінде жасалған негізде күшті соғыс экономикасын қалай дамытып өркендеткендігін, партиямыздың кеменгерлік сыртқы саясаты арқасында бірыңғай дүние жүзілік антисоветтік майданның құрылу мүмкіндігін болдырмағанын және антифашистік коалицияның құрылғандығын баян етеді.

Социалистік Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін совет халқының көрген орасан зор шығыны, соғыс күндерінде біздің адамдарымыздың басынан өткізген ауыр қайғы-қасіреті, шеккен азабы, тылдағы және ұрыс майданындағы қажырлы еңбек пен ерліктер, совет адамдарының жаппай қаһармандығы босқа кеткен жоқ — жауды түгелдей жеңіп шықты. Жексұрын фашистік басқыншылар мен жапон милитаристерін талқандап, Европа мен Азияның көптеген халықтарын құлдықтан азат етіп, совет жауынгерлері Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, өзінің ұлы интернационалдық борышын аброймен орындап шықты.

«Қысқаша тарихта» бүкіл прогресшіл адамзаттың соғыста совет халқына көрсеткен мықты көмегі, совет адамдарының табандылығы, қаһармандығы және өзін-өзі құрбан етуі Германия мен Жапонияның басып алған елдеріндегі патриоттардың жүрегін қалай жандырғаны, бұл елдерде Қарсылық қозғалысының қалай өсіп, өріс алғаны жайында айтылады. Бұл еңбекте Совет Одағының жеңіп шығуының дүние жүзіндегі демократиялық күштердің нығайып, салтанат құруы жолында, дүние жүзілік социалистік системаның құрылуы жолында шешуші маңызы болғандығы көрсетіледі.

«Қысқаша тарихта» соғыс оқиғаларының шағын түрде, қысқаша баяндалуы, әрине, әбден түсінікті. Тек Совет Қарулы Күштері жүргіз-

ген басты-басты соғыс операциялары ғана бірсыдырғы кеңірек сөз болады. Екінші дүние жүзілік соғыстың басқа майдандарында болған ұрыс әрекеттерінің барысы қысқаша баяндалады.

«Ұлы Отан соғысы тарихының» алты томдығы сияқты, «Қысқаша тарих» та КПСС Орталық Комитетінің шешімі бойынша шығарылып отыр. Алты томдық еңбектің негізінде жазылған бұл кітап, дегенмен де, дербес ғылыми зерттеу болып табылады. Бұл кең көлемді документтерге сүйеніп жазылған. Мұнда СССР-дің партиялық және мемлекеттік орталық архивтерінде, европалық социалистік елдер архивтерінде сақталған документтер, жарияланған документтер, советтік және шетелдік ғылыми-тарихи әдебиеттер, «Ұлы Отан соғысы тарихының» томдары жарыққа шыққаннан кейін аян болған материалдар пайдаланылды.

«Қысқаша тарихтың» бірінші басылуынан бері бес жыл өтті. Мұның үш тиражы шықты, сонда да болса бұл кітапты керексіну соншама көп, сондықтан мұны жаңадан басып шығару қажет болды.

Бұл еңбекті екінші басылуға дайындаған кезде редакция партияның ХХІІІ съезі мен КПСС Орталық Комитеті пленумдарының шешімдерін, Орталық Комитеттің «Қоғамдық ғылымдарды онан әрі дамыту және коммунистік құрылыста олардың ролін арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысын басшылыққа алды. Сондай-ақ, фашистік Германияны жеңудің 20 жылдығымен, Ұлы Октябрьдің және СССР Қарулы Күштерінің 50 жылдық мерекелерімен, неміс-фашист басқыншыларын Москва, Сталинград, Курск түбінде, Белоруссияда талқандауға 20 жыл толуымен байланысты советтік тарихи ғылымның көптеген документтік кітаптар мен зерттеу еңбектері арқылы, сол сияқты аса көрнекті қолбасшылар мен ірі-ірі әскери бастықтардың мемуарлары арқылы байығандығын да редакция еске алды. Мұның өзі соғыстың жалпы проблемаларын, Жоғарғы Бас командованиенің Ставкасы мен Бас штабтың қызметін неғұрлым жан-жақты баяндауға, соғыстан бұрынғы жылдарда ел қорғау ісіне экономикалық, идеологиялық және әскери жағынан дайындалу туралы материалды толықтырып, дәлдей түсуге мүмкіндік берді.


Кітаптың бұл басылуы В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесінің және Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңісінің 25 жылдығы қарсаңында шықты. Редакция Совет Қарулы Күштерінің ұлы Лениннің социалистік Отанды қорғау жайындағы өсиеттерін қалай орындап отырғанын көрсетуге тырысты.

«Қысқаша тарих» қалың көпшілікке — насихатшыларға, мұғалімдерге, Совет Қарулы Күштерінің жауынгерлеріне, соғысқа қатысушыларға, колхозшылар мен қызметшілерге — Ұлы Отан соғысының тарихын білгісі келетін адамдардың бәріне арналған. Ол біздің тамаша жастарымызға әскери-патриоттық тәрбие беруде маңызды роль атқаруға тиісті.





# СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДА



## ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ӨРТІН ТҰТАНДЫРУУЫ

### 1. Соғыс қатерінің ұлғаюы. СССР-дің бейбітшілік жолындағы күресі

XX ғасырдың бірінші жартысында адамзат қиян-кескі екі дүние жүзілік соғысты басынан кешірді, бұл екі соғыстың екеуіне бірдей күнәкар империализм системасы болды. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс Антанта елдерінің (Англия, Франция және АҚШ) Германияны жеңуімен аяқталды. Бұл жеңіс халықтарға берік және баянды бейбітшілік әкеле алмады. 1919 жылғы Версаль бітім бірінші дүние жүзілік соғысты аяқтағанымен, ол соғыстың өзін тудырған қайшылықтарды жоя алған жоқ. Товар өткізу рыноктары, шикізаттың қайнар көзі және капиталды жұмсау сфералары үшін талас, өзінің үстемдігін орнату үшін күрес бұрынғысынша капиталистік державалардың сыртқы саясатының негізгі мазмұны болды. Дүние жүзілік екі соғыстың аралығындағы дәуірде әсіресе күшейе түскен капиталистік елдер дамуының әркелкілігі бірінші дүние жүзілік соғыстың нәтижесінде капиталистік дүниеде қалыптасқан және Версаль-Вашингтон договорлары системасында жазылған күштердің ара салмағының өзгеруіне әкеп жеткізді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс пен Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы негізін салған капитализмнің жалпы дағдарысының асқынуы империалистік қайшылықтардың бәрін онан сайын шиеленістіре түсті. Империализм енді бәрін қамтушы система болудан қалды. Россияда болған социалистік революция дүние жүзілік капитализмнің бүкіл ғимаратын түп негізіне дейін шайқалтты. Дүние қарама-қарсы екі системаға жарылды. Совет Одағы күллі халықаралық саясатқа орасан зор ықпалын тигізді.

Империалистік қайшылықтар капитализмнің бүкіл тарихындағы ең асқынған, ең күйрете күйзелткен дағдарыс — 1929—1933 жылдардағы дүние жүзілік экономикалық дағдарыс кезінде ерекше күшті білінді. Дағдарыс Америка Құрама Штаттарында басталды да, одан кейін басқа да капиталистік елдерді қамтыды. 1933 жылы АҚШ-тың өнеркәсіп өндірісі 1929 жылғы дәрежесімен салыстырғанда 64 процентке дейін, Англияда — 88, Германияда — 65, Францияда — 81 процентке дейін кеміді. Дүние жүзілік сауда 65 процент азайды. Дағдарыс нәтижесінде жаппай жұмыссыздық етек алды. АҚШ-та жұмыссыздар саны 13 700 мыңға, Германияда — 5 миллионға дерлік, Англияда — 2 600 мың адамға жетті. Бүкіл капиталистік әлемді алғанда жұмыссыздар саны 30 миллионға барды.

Дағдарыс кезінде империалистік державалардың рынок, ықпал жасау сфералары, отарларды қайта бөліске салу жолындағы таласы мейлінше шиеленісіп кетті. 1931 жылы Жапония соғыс ашып, жаулап алу жолына түсті. Азиядан, оның ішінде ең алдымен Қытайдан ағылшын, француз және америка отаршылдарын ығыстырып шығарып, олардың орнын өзі басып қалуды көздеген Жапония Солтүстік-

Шығыс Қытайға басып кірді. Қиыр Шығыста соғыс ошағы, міне, осылайша пайда болды.

Европадағы дағдарыс бәрінен де гөрі Германияға қаттырақ тиді. Жаппай жұмыссыздық, еңбекшілердің хал-ақуалының күрт нашарлап кетуі нәтижесінде елдегі экономикалық дағдарыс дереу саяси дағдарысқа айнала бастады. Буржуазиялық партиялардың көпшілігінің позициясы күйреген болып шықты. Буржуазияның онысыз да қатал каналуға ұшырап отырған жұмысшы табы мен еңбекшілерді қанауын күшейту арқылы дағдарыстан құтылудың жолын тапқысы келген әрекеті халық бұқарасының наразылығы мен қарсылығын бұрынғыдан бетер арттыра түсті. Буржуазия диктатурасының парламенттік формалары каналушы халықты ауыздықтап ұстауға жеткіліксіз бола бастады. Бұл жағдайларда талайдан бері «мықты қолдағы» үкімет құру және дүние жүзілік үстемдікті жеңіп алу мақсатымен жаңа соғысқа дайындалу жоспарларын жасап келе жатқан герман монополиялық капиталының әр түрлі топтары национал-социалистерге айналды. Олар фашистік сұрқиялар тобын герман халқының бейбітшілік сүйгіш демократиялық күштерін талқандайтын және ұлтшылдық пен шовинистік жүгенсіз насихат жүргізудің көмегімен халық бұқарасын революциялық күрестен аулақ ұстайтын, оларды кек алу жолына салатын ең жақсы қару деп білді. 1933 жылдың январында герман монополиялары өкімет басына фашистерді қойды. Мемлекет билігі ең агрессияшыл және реакцияшыл топтардың қолына көшті.

Герман фашизмінің идеологиясы — барып тұрған шовинистік және нәсілшілдік идеология — фашистік партияның басшысы Гитлердің «Майн кампф» («Менің күресім») атты кітабында баяндалған. Ол «герман нәсілінің артықшылығы» теориясын уағыздады және Германияның «жер көлемі тіршілік етуіне» жетімсіздеу-міс дегенді дәлелдеуге тырысты. Халық бұқарасының Версаль шартына қарсы ниетін және ел ішінде қанау мен саяси правосыздықтың күшеюіне байланысты туған наразылықты пайдаланып, гитлершілдер неміс халқының жағдайы соғыстың арқасында ғана жақсаруы мүмкін дегенді айтты. Олар Европаны жаулап алу, дүние жүзіне өз үстемдігін орнату жөнінде сандырақ жоспарлар белгіледі. Бұл жоспарлардың негізгі бір саласы Совет Одағын басып алуды көздеді. «...Қазіргі уақытта біз Европадағы жаңа жерлер жайында сөз еткенде, ең алдымен Россияны және оған бағынышты шет аймақтарындағы мемлекеттерді ғана еске алуымыз керек, — деп мәлімдеді Гитлер. — Тағдырдың өзі бізге осы жолды нұсқап отыр». Герман монополияларының дегенін істеп, фашистер елдің бүкіл сыртқы саясатын агрессияшыл жаңа соғыс әзірлеуге бағыттады. Европаның қақ төрінде — соғыстың екінші бір ошағы, міне, осылайша пайда болды.

Капиталистік дүниеде қайшылықтардың қатты шиеленісіп отырған жағдайында бір-біріне қарама-қарсы екі топ қалыптасты. Бірінші топ Германия, Италия мен Жапония құрған фашистік державалар тобы еді. 1936 жылдың октябрь айында Германия мен Италия келісімге қол қойып, Берлин — Рим одағын құрды. Ноябрь айында Германия мен Жапония Коминтернге қарсы шарт жасасып, бұл шарттың ресми мақсаты Коммунистік Интернационалға қарсы екі елдің қарым-қатынасын көздеу деп жарияланды. Ал шындығында, бұл шарт агрессорлардың дүние жүзіне үстемдік орнатуға тырысқан одағын ұйымдастырудың бастамасы болды. 1937 жылы бұл шартқа Италия келіп қосылды. Бұл шарттың өткір ұшы Совет Одағына қарсы бағытталған, бұған «Коминтернге қарсы шартқа тіркелген құпия келісім» айғақ. Бұл келісімде: «Советтік Социалистік Республикалар Одағының үкі-

меті коммунистік «интернационалдың» мақсаттарын жүзеге асыруға тырысады және бұл үшін өзінің қарулы күштерін пайдалануға ниеттенеді...» делінген. СССР қарудың күшімен Коммунистік Интернационалдың мақсаттарын жүзеге асырмақшы деген тезистің жалғандығы сонша, тіпті Германия мен Жапония бұл жөнінде Коминтернге қарсы шартта ашықтан-ашық айтуды әзірінше мүмкін деп таппады. Өйткені мұның өзі Совет Одағына турадан-тура шақыру болып сезілер еді.

Бір-бірте екінші топ та қалыптаса бастады. Оған АҚШ, Англия және Франция кірді. Бірақ бұл топтың қалыптасуы АҚШ пен Англияның арасындағы шиеленіскен империалистік қайшылықтарға байланысты кешеуілдеді. Бұл державалардың әрқайсысы екіншісіне қарсы күресте өз позициясын күшейту үшін Германиямен келісім жасауға ұмтылды. Осының нәтижесінде бұл топтың біржола қалыптасуы біршама кейінірек, соғыс басталып кеткеннен кейін жүзеге асты.

Капиталистік екі топтың құрылуы, әлбетте, олардың өз ішіндегі тартысты жоя алмады. Ал капиталистік дүниедегі ең басты қайшылықтар сол топтардың өз араларындағы қайшылықтар еді. Аса ірі мемлекеттердің, ең алдымен Германия мен Жапонияның империалистері дүние жүзін түгелдей қайта бөлуге ұмтылды. Империалист жұртқыштардың қақтығысып соғысатын уақыты таялды. Фашистік мемлекеттер дүние жүзін жаңа соғысқа айдап салып, өздері алға шығып, озып кетуге тырысты. 30 жылдардың екінші жартысында фашистік агрессия тез қарқынмен жайыла түсті. Италия 1935 жылы Эфиопияны басып алды. Германия мен Италия 1936 жылы Испанияға басып кіру ісін ұйымдастырды. Қиыр Шығыста Жапония өзінің агрессиялық әрекеттерін жүргізе берді. 1937 жылы ол соғысты қайта бастап, бүкіл Қытайды басып алуды мақсат етті. Соғыс өрті бірден-екі жер шарына кеңінен жайыла бастады. Европа, Азия, Африка халықтарының басына фашизмнің қара бұлты торлады.

Совет Одағы бейбітшілік сүйгіш саясатты дәйекті түрде қызу жүргізе отырып, агрессорларды ауыздықтау үшін, коллективтік қауіпсіздік системасын құру үшін күресті. Совет үкіметі, егер жер шарының әлде бір түкпірінде соғыс бастала қалса, ол сөз жоқ дүние жүзілік соғысқа айналады, деп атап көрсетті. Сондықтан агрессорға қарсы жұмыла тойтарыс беру бейбітшілік сүйгіш елдердің бәрінің де ортақ мүддесі болуға тиіс деді.

Дүние жүзінің демократияшыл қалың жұртшылығы СССР үкіметінің ұсыныстарын қатты қолдады. Батыс Европа елдерінің болашақты болжай білетін кейбір буржуазияшыл саяси қайраткерлері де Совет Одағымен күш біріктіруді жақтады.

Европалық қауіпсіздік системасын құру жайындағы советтік ұсыныстың практикалық көрінісі СССР мен Франция арасында болған келіссөздердің барысында шыққан «Шығыс шартының» жобасынан орын алды. Бұл жобада европалық мемлекеттердің қалың тобы өзара көмектесу туралы көп жақты договор жасасу көзделді. Германия мен Польшаның, сондай-ақ, іс жүзінде, Англияның да теріс бағыт ұстауына байланысты «Шығыс шарты» жүзеге аспады. Дегенмен де, Совет үкіметінің табандылық көрсету арқасында, 1935 жылы СССР өзара көмектесу туралы Франциямен және Чехословакиямен договор жасасты. Өзара байланысты система болған бұл договорлар фашистік агрессияға қарсы әрекет жасау мақсатымен бейбітшілік сүйгіш мемлекеттердің күштерін біріктіру үшін жақсы негіз бола алатын еді.

Оқиғалардың онан әрі дамуы мынадай жәйтті көрсетті: Англияның, ал 1935 жылдың аяқ кезінен бастап Францияның да үкіметтері, сөз жүзінде өздерінің бейбітшілікке ұмтылатындығы жайында мәлім-



дей отырып, іс жүзінде европалық қауіпсіздік системасын құруға саботаждық жасады. Фашистік мемлекеттер бұлардың империалистік мүдделеріне қауіп төндіретінін бұл елдердің билеуші топтары, әлбетте, түсінді. Жапонияның, Германияның және Италияның Қиыр Шығыста, Қызыл Теңіз аймағында және Испанияда маңызды стратегиялық позицияларды басып алуы батыс державаларға да қауіп төндіргені ап-айқын еді. Сонда да болса, өздерінің таптық мүдделерінің қамын көбірек ойлайтын ағылшын және француз буржуазиясы Советтік социалистік мемлекетті және өз халықтарының революциялық қозғалысын негізгі жау деп білді. Сондықтан да Англия мен Франция үкіметтері агрессорларға қарсы Совет Одағымен бірге күресуден бас тартқан еді. Олар фашистік мемлекеттердің соққысын өздерінен бұрып жіберіп, оны СССР-ге қарсы бағыттармыз деп ойлады. Ағылшын-француз билеушілері бұл арада екі түрлі мақсатты көздеді: біреудің қолымен Совет Одағын жойып жібергісі немесе оның күшін мейлінше ойсыратқысы келді және сонымен қатар өздерінің империалистік бәсекелестері Германияны, Италияны, Жапонияны әлсіретуді көздеді. Батыс державалардың осындай қиялға берілген басшы топтары фашистік мемлекеттердің қолтығына су бүркіп, агрессияны Шығысқа, СССР-ге қарсы айдап салмақ болды. Сол үшін олар Австрияны, Чехословакияны, Польшаны, сондай-ақ Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның басқа да елдерін құрбандыққа шалудан тайынбады.

Бейбітшілікке апат келтіретін саясатты АҚШ та жүргізді. Бірінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін американ монополиялары ағылшын және француз монополияларымен бірлесе отырып, ауыр индустрияны қалпына келтіруге және кеңейтуге финанс жағынан Германияға зор көмек көрсетті, мұның өзі гитлерлік агрессияның аса маңызды алғышарттарының бірі болды. Алайда, 30-шы жылдардың ортасынан бастап, Германия, экономикалық жағынан дамуда Англия мен Францияны басып озып, дүние жүзілік рынокта АҚШ-пен батыл тайталаса бастаған кезде, американ-герман экономикалық қатынастары тез шиеленісе түсті. АҚШ пен Германияның арасында ашықтан-ашық қақтығысу қаупі төнді. Осы жағдайларда, гитлершілдердің экспансиялық талаптарына қарсы әрекет жасаудың орнына, Англия мен Франция сияқты, АҚШ та фашистік агрессияға дем беру саясатын жүргізді. Олар капиталистік дүниенің қайшылықтарын Совет Одағының есебінен шешеміз деп сеніп, ағылшын мен француз билеуші топтарының фашистік мемлекеттермен келісім жасасу әрекеттеріне белсене көмек көрсетті.

Әлбетте, Батыс державаларының үкіметтері үлкен соғыс өртің тұтату жөніндегі қауіпті саясатын ашықтан-ашық жүргізе алмады. Сондықтан да олар агрессияны қолдау әрекетін мейлінше бүркемелеп жүргізді, Италия Эфиопияға шабуыл жасардың аз-ақ алдында АҚШ «бейтарап» отырамыз деп мәлімдеме жасады. Ағылшын дипломатиясы коллективтік қауіпсіздік принципіне қарама-қайшы «тыныштандыру», яғни агрессордың ыңғайына көну саясатын ұсынды, сөйтіп бейбітшілікті сақтауға болады-мыс дегенді айтты. Испанияға герман-итальян интервенциясы жасалған кезде Англия мен Франция «өзгенің ісіне араласпау» саясатын жариялады. Бұл жағдай агрессорлардың өзінің қара ниетті әрекетін еркін өрістетугіне мүмкіндік берді.

«Бейтарап» саясаты да, «тыныштандыру» саясаты да, «араласпау» саясаты да батыс державалардың коллективтік қауіпсіздік системасын құрудан бас тартқандығын көрсетеді. Бұл әрекеттерімен Англия мен Франция үкіметі сендерден жәбір көргендерге ешқандай жәрдем бермейміз деп агрессорларға емеурін жасағандай болды. Сон-

дықтан фашистік мемлекеттер барған сайын аранын аша түсіп, жаулап алу әрекетін ұлғайта берді. Сонымен бірге агрессорлар батыстық державалардың совет еліне қарсы ниетін түсініп, бұл жағдайларды Батыста соғыс ашуға дайындалу үшін шебер пайдалана білді.

1937 жылдың күзінде гитлершілдер жаңа жерлерді жаулап алу жоспарын жасауға кірісті. Батыс державаларының ұстаған бағыты Герман соғысқұмарларының соғысты бір мезгілде бірнеше майданда қатар жүргізбейтіндей етіп жоспарлауына мүмкіндік берді. Фашистік Германия ең алдымен Франция мен Англияны қирату қажет деп тапты, өйткені мұнда оңай жолмен жеңіске жетуге болады деп, ойлады. Бұл мақсатқа жету үшін неміс фашистері Германияның стратегиялық және экономикалық позицияларын нығайтпақ болды, орталық және Шығыс Еуропаның бірсыпыра шағын елдерін, ең алдымен Австрияны басып алу белгіленді. Гитлершілдер Австрияны ешқандай жазасыз-ақ ала қоямыз деп сенді.

1938 жылы 11 мартта Берлин радиосы Австрияда «коммунистік қантөгіс көтеріліс» болды-мыс деген жалған хабар таратты. Шындығында ол гитлерлік агенттер ұйымдастырған фашистік төңкеріс еді. Тап сол күні неміс-фашист әскерлері тәртіп орнатамыз деген сылтаумен Австрияға басып кірді (1-карта<sup>1</sup>). 13 март күні Австрия герман рейхiнiң құрамына қосылды.

Австрияның тәуелсіз мемлекетiнiң жойылуына батыстық державалар тарапынан ешқандай қарсылық әрекетi жасалмады. Австрияны жақтап шыққан бірден-бір ел Совет Одағы болды. СССР үкiметi фашистік агрессияның жаңа әрекетiн ашу-ызамен айыптады. Ол бейбітшілік сүйгiш мемлекеттердi бiрлесiп қорғауға, агрессорларды ауыздықтау шараларын дереу қолдануға тағы да шақырды. «Ертең кешгiп қалуымыз ықтимал — делiндi Совет үкiметiнiң Мәлiмдемесiнде, — ал бүгiн, егер барлық мемлекеттер, әсiресе ұлы державалар бейбітшілікті бiрлесiп қорғап қалу проблемасы жөнiнде берiк, бiрыңғай бағыт ұстайтын болса, әлi де кеш емес». Бiрақ бұл жолы да Совет Одағының ұсынысын ешкiм қолдамады. Ол ол ма, Батыс державалары бар ынтасын салып Германияны Шығысқа және Оңтүстік-Шығысқа қарай агрессия жасауға арандата бастады. Бұл жағдай 1938 жылы, фашистік күлдыққа түсу қаупi Австриядан кейiн iле-шала Чехословакияға төнген кезде өте-мөте айқын көрiндi.

Чехословакияның Германиямен жапсарлас аудандарында — Судет облысында — халықтың басым көпшілігі немістер болғандығын пайдаланып, гитлершілдер мұнда, фашистік ниеттегі элементтер арасында, агентура құрды, оны барып тұрған фашист Генлейн басқарды. Берлиннің нұсқауы бойынша генлейншілдер Судет облысына автономия беру талабын қойды. Фашистік Германия судеттік немістердi қорғау дегендi желеу етiп, бұл талапты қолдау жөнiнде үлкен шу көтердi. Германияның араласуына сылтау туғызу үшін генлейншілдер чехословак өкiметтерiмен қақтығысқа ұрындыру әрекеттерiн жасай бастады. 1938 жылы май айының орта шенiнде чехословак шекарасында герман әскерлерiнiң шоғырланып жатқаны жайлы хабарлар шыға бастады. Чехословакия үкiметi өз елiнiң қорғаныс күшiн нығайту жөнiнде кейбiр қарсы шаралар қолдануға мәжбүр болды. Жағдай қатты шиеленiстi: Германия мен Чехословакия арасында кез-келген сәтте қарулы қақтығыс болып кетуi мүмкiн болды. Мұның өзi Еуропада соғыс басталуына жол ашар едi.

Оқиғалардың беталысын үрейлене қадағалап отырған бүкiл дү-

<sup>1</sup> Түсті карталардың бәрі (олардың саны 17) кітаптың соңында жеке берілді.

ние жүзінің халықтары фашистік агрессияны ауыздықтап, бейбітшілікті сақтап қалуды талап етті. Өзара көмектесу жөнінде договорлары бар СССР, Франция мен Чехословакия гитлершілдерді өз ниеттерінен бастартуға мәжбүр ете алатын еді.

Совет Одағы өзара көмектесу жайындағы совет-чехословак және совет-француз договорлары бойынша алған міндеттемелерін орындауға әзір екенін әлденеше рет білдірді. Француз үкіметінің толықсуын ескере отырып, СССР тіпті Франция шарт<sup>1</sup> бойынша алған өзінің міндеттемелерін орындауды созбұйдаға сала қалған күнде де Чехословакияны қолдауды өзінің борышы деп санады. 1938 жылы 26 апрельде М. И. Калинин жұрт алдында былай деп мәлімдеді: «...келісуші екі жақтың әрқайсысы Францияны күтпей-ақ көмекке келуге шарт тыйым салмайды». И. В. Сталин Чехословакия Компартиясының басшысы К. Готвальдтан солкездегі президент Бенешке мынаны білдіруді сұрады: егер Чехословакия өзін-өзі қорғау мүдделері үшін фашистік Германияға қарсы ұрыс әрекеттерін бастайтын болса, СССР Франциясыз-ақ оған соғыс жөнінде көмек көрсетуге әзір.

СССР осы сыртқы саясат акцияларымен ғана тынып қойған жоқ. Совет үкіметі қажетті соғыс шараларын да қолданды. Атап айтқанда, батыс шекарасына жапсарлас аудандарға 30 атқыштар, 10 атты әскер дивизиясы, 1 танк корпусы, 3 танк және 12 авиация бригадасы жинақталды. Сонан кейін тағы да 30 атқыштар және 6 атты әскер дивизиясы, 2 танк корпусы, 15 танк бригадасы жауынгерлік даярлыққа келтірілді. Сонымен қатар басқа да мобилизациялық шаралар жүргізілді. Запастағылардан 328 мың адам әскер қатарына шақырылды, мерзіміне байланысты әскер қатарынан босатылуға жататын ондаған мың солдат пен сержант әскери қызметте қалдырып қойылды.

Совет Одағының барлық шаралары, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы жөніндегі КПСС Орталық Комитетінің Тезистерінде айтылғанындай, «фашистік агрессияны СССР-ге қарсы бағыттап, Гитлермен одақ жасасуға тырысқан Батыс саясатшыларының — «Мюнхендіктердің» қарсылығына кездесіп отырды». Батыс державалары, өздерінің агрессияға дем беру саясатына сүйене отырып, Чехословакияны құрбан етуге ұйғарды. Бірақ олар мұны Гитлерге жай ғана беріп қоймай, сатып, оның орнына өздеріне Германияның тиіспеуі жөнінде кепілдік алғысы келді. Бейбітшілік сақтауға ұмтылу туралы екі жүзділікпен мәлімдей отырып, ағылшын-француз дипломатиясы күш-жігерін салып осы масқара келісімді әзірлей бастады. Франция Чехословакиямен договор арқылы байланысты болғандықтан, ағылшын үкіметі анағұрлым белсене әрекет жасады.

Сөйтіп, 1938 жылдың күзінде, жағдай әбден шегіне жете шиеленісіп, Германия Чехословакияға бүгін-ертең шабуыл жасайды деп тұрған мезетте, батыс державалар «ең соңғы минутта бейбітшілікті сақтап қалу» дегенді бетке ұстап, Гитлермен келісімге келді. Бұл оқиға 29—30 сентябрьде Мюнхендегі конференцияда болды. Конференцияға Англия, Франция, Германия және Италия қатынасты. Ал тағдыры шешіліп жатқан Чехословакия шақырылған жоқ. Олардың делегациясы өз елінің тағдыры не боларын есіктің сыртында жүріп күтті. Бұл келіссөзге Совет Одағы да қатыстырылмады: оның конференцияға қатысуы ағылшын-француз «тыныштандырушыларының» фашистік агрессормен келісімге келуіне жол бермес еді.

<sup>1</sup> 1935 жылы 16 майда жасасқан совет-чехословак договорына чехословак үкіметінің ұсынысы бойынша ескерту енгізілген болатын, осыған сәйкес, егер Франция Чехословакияға көмектесетін болса, Совет Одағы да оған көмек көрсетуге міндетті болды.



Мюнхенде ағылшын мен француздың премьер-министрлері Чемберлен мен Даладье Германияға Судет облысын беруге келісім берді. Бұл — Чехословакия өзінің Германиямен шекарасындағы қорғаныс шептерінен айрылады, өнеркәсібінің едәуір бөлігін жоғалтады деген сөз. Елдің бүкіл шаруашылық тіршілігінің берекесі кетеді. Чехословакия герман агрессиясы алдында мүлде дәрменсіз болады деген сөз.

Чехословак делегациясы конференцияның шешімімен танысып, әлде бір қарсылық айтқанда, ағылшын өкілі арсыздықпен былай деп мәлімдеді: «Егерде сіз бұған келіспейтін болсаңыз, Германиямен арадағы істеріңізді жападан-жалғыз реттейтін боласыз. Бәлкім, француздар, бұдан гөрі сыпайы сөзбен айтар, бірақ та сізге айтып қойып, олар да біздің көзқарасымызды мақұлдайды. Олар өзі де сізден аулақ кететін болады...» 1968 жылы август айында КПСС Орталық Комитетінің органы «Коммунист» журналы Мюнхен келісіміне былай деп баға берді: «1938 жылы 29 сентябрьде Англия, Франция, Италия және Германия үкіметтерінің басшылары Мюнхенде Чехословакияны өлім жазасына кесу жөніндегі үкімге қол қойды. Бонн үкіметі осы күнге дейін заңды деп қарысып отырған Мюнхен келісімі халыққа сатқындық жасаудың және тонаушымен заңсыз келісімге келудің бейнесі ретінде мәңгі-бақи тарихқа енеді».

Тіпті осылай болған жағдайлардың өзінде, егер Чехословакия үкіметі Совет Одағының қол созған достық көмегін қарсы алған болса, ол әлі де аман қалуына болатын еді. Бенештің сұрауына Совет үкіметі 20 сентябрьде жауап қайырып, договор бойынша өзінің Чехословакияға дереу және пәрменді көмек көрсетуге әзір екендігін хабарлады. Егер Франция Чехословакияға опасыздық жасап, договор бойынша алынған СССР міндеттемелерін күшінен айыратын болған жағдайда, Совет Одағы Ұлттар лигасының мүшесі ретінде оның уставының 16 және 17 статьяларына сүйене отырып көмек көрсете алады. Бұл үшін Чехословакия үкіметінің әлгі айтылған статьяларды қолдануды Ұлттар лигасының Советінен сұрауы қажет болды. Бұдан екі күн кейін, 22 сентябрьде, сыртқы істер халық комиссарының орынбасары В. П. Потемкин Чехословакия елшісінің «Германия Чехословакияға шабуыл жасай қалған күнде СССР үкіметі, Ұлттар лигасы Советінің шешімін күтпей-ақ, Чехословакияға көмек көрсете алар ма еді» деген сұрағына — көрсете алады деп жауап қайырды. Чехословакия Коммунистік партиясы үкіметтен халықтың өз отанын қорғауға деген берік шешімі мен Совет Одағының көмегіне сүйеніп, империалистік өктемдікті тойтарып тастауды талап етті. Бірақ та, Чехословакияның Бенеш бастаған билеуші топтары бәрінен бұрын өздерінің таптық мүдделерін қымбат санады. Сондықтан СССР-дің көмегін алудан гөрі масқаралықпен тізе бүгуді артық көрді.

Совет Одағына шабуыл жасаймын деген уәдесі үшін Германияға Чехословакия аудандарын ақы есебінде беріп, Англия мен Франция өздерін неміс-фашист агрессиясынан құтқарып қалғысы келді. Мюнхен конференциясы кезінде Чемберлен Гитлерге бірлескен мәлімдемеге қол қоюды ұсынды. 1938 жылы 30 сентябрьдегі ағылшын-герман декларациясы, іс жүзінде, Англия мен Германия арасындағы өз ара шабуыл жасаспау жөніндегі шарт еді. Мәлімдемеде екі жақ «бұдан былай ешқашан бір-біріне қарсы соғыс жүргізбеуге» тырысатынын және екі елге қатысы бар мәселелердің бәрін пікір алысу арқылы шешетінін жариялады. Көп кешікпей, 1938 жылы 6 декабрьде, дәл осы тектес француз-герман декларациясына қол қойылды.

Мюнхендегі жасырын келісімді дайындауда АҚШ-тың ролі де аз болған жоқ. Сырт көзге Чехословакия есебінен заңсыз келісім жа-



сауға қатысудан бойын аулақ ұстағансып американ дипломатиясы құпия түрде ағылшын-француз саясатын қызу қолдады. Мәселен, Англиядағы американ елшісі Д. Кеннеди 1938 жылы 13 июньде герман елшісі Г. Дирксенмен әңгімелескенде, «экономикалық мәселелер жөнінде Шығыста, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыста Германияның қолын қақпау керек» деп ашық мәлімдеген. Мұндай пікірлердің арандатушылық мәні айдан анық. Мюнхен конференциясының шешіміне Англиямен, Франциямен қатар АҚШ-та толық жауапкер.

Мюнхенде жасалған құпия келісімді ұйымдастырушылар мен дем берушілер өздерінің бұл әрекетін Европада жана тәртіп орнатудың бастамасы деп білді. Олар Мюнхен келісімі «бүгін бір ұрпақтың» бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етеді деп екіжүзділікпен мәлімдеді. Ал, шындығына келгенде Мюнхен Европаның халықтары үшін қайғы-қасірет болды. Ол дүние жүзін жаңа соғыстың табалдырығына жеткізді.

Империалистердің дүние жүзілік соғыс өртін тұтандыру әрекетіне Совет Одағы қарсы тұрды. Оны капиталистік елдердегі жұмысшы табының алдыңғы қатарлы бөлегі қолдады. Халықаралық жұмысшы қозғалысының сыннан өткен күрескерлері М. Кашен, М. Торез, П. Тольятти (Эрколи), Г. Димитров, В. Коларов, Э. Тельман, В. Пик, Х. Диас, Д. Ибаррури, К. Готвальд, У. Галлахер, Г. Поллит және басқалары бастаған Европаның коммунистік партиялары барлық бейбітшілік сүйгіш халықтарды топтастыру жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізді. Олар бұқара халыққа «араласпау» саясатының апатқа соғатынын түсіндірді, тек барлық елдер пролетариатының бірлескен күш-қарекеті арқасында ғана фашизмді ауыздықтап, бейбітшілікті сақтап қалуға болатынын атап көрсетті. Оқиғалардың барысы коммунистердің айтқандарының дұрыс екенін күн сайын дәлелдеп отырды. Еңбекшілер бүкіл әлемге төнген шын қауіп-қатерді барған сайын түсіне бастады. Жұмысшы бұқарасы арасында фашизм мен соғысқа коллектив болып тойтарыс беру идеясы барған сайын кең өріс алды. Жұмысшы табы біртұтас майдан болып шыққан кезде жеңіске жететінін, өмірдің өзі, Чехословакиядағы оқиғалардан әлдеқайда бұрын көрсетіп берген болатын. Мәселен, 1934 жылғы февральда Францияда осылай болған-ды. Ол күндері Париждің еңбекші халқы Компартияның басшылығымен фашизмге «жоқ, болмайды» деген қатал үкім айтты. Сөйтіп, реакцияшылдардың фашистік төңкеріс жасау әрекеті жүзеге аспай қалды. Сондықтан еңбекші бұқараны фашизмге қарсы күреске біріктіру халықаралық жұмысшы қозғалысының басты да кезек күттірмейтін міндеті болды. Коммунистік партиялар өздерінің бүкіл жұмысын осы мақсатқа бағындырды.

Прогресшіл күштерді топтастыру жөнінде Коммунистік Интернационалдың 1935 жылы жазда Москвада болған VII Бүкіл дүние жүзілік конгресі айрықша маңызды роль атқарды. Ол бүкіл дүние жүзі алдында фашизмнің нағыз шын мәнін әшкерелеп, бұл «финанс капиталының ең реакцияшыл, ең шовинистік және ең империалистік элементтерінің ашық терроршыл диктатурасы» деп мәлімдеді. Конгресс, буржуазияның өз үстемдігін қамтамасыз етудің фашистік әдісіне көшуі дүние жүзілік жаңа соғысқа әзірленумен тікелей байланысты екенін атап көрсетті, барлық елдердің еңбекшілерін жұмысшы табының төңірегіне кең көлемді антифашистік Халық майданына бірігуге және бейбітшілік пен халықтар бостандығының тірегі — Совет Одағын мейлінше қолдауға шақырды. Коминтерннің VII конгресінің шешімдері коммунистік партияларға жаңа күш қосты, халық бұқарасының

саяси белсенділігінің өсуіне, олардың соғысқа қарсы күресінің күше-  
йе түсуіне ықпал етті.

Алайда, екінші дүние жүзілік соғысқа тойтарыс беруге болмады. Совет Одағы ол кезде бейбітшілік сүйгіш саясатты қызу жүргізген бірден-бір ғана ел еді, ал капиталистік елдердегі жұмысшы табы социал-демократияның оңшыл басшыларының опасыздық саясаты нәтижесінде бөлек-бөлек жарылып кеткен болатын. Ал, басқа ұлы державаларды алатын болсақ, олар іс жүзінде агрессорды қолдады.

Соғыстың қатерлі қара бұлты барған сайын Европа үстіне шүйіле түсті. Фашистік агрессорлар, Батыс державаларының одан әрі жол берушілігін пайдаланып, барған сайын құтырына берді. 1939 жылы 15 мартта Германия әскерлерін Прагаға кіргізеді, сөйтіп Чехословакияны тәуелсіз мемлекет ретінде мүлдем жойды<sup>1</sup>. Арада бір апта өткеннен кейін ол Литваның Балтық теңізіндегі маңызды порты — Клайпеданы басып алды. Мұнымен қатар Германия Румынияны кіріп-тарлық, экономикалық келісімге қол қойдырып, ол елдің экономикасын фашистік соғыс машинасына қызмет еткізді. Германия Польшаға да үзілді-кесілді өктем талаптар қоя бастады. Гитлершілдер Рейхке Данцигті (Гданьскіні) қосып алу жөнінде мәселе қойды. Польшаның теңізге шығуына жол ашатын Польша коридоры дейтінді герман байланыс жолдарымен бөліп тастауды талап етеді. Герман-поляк қарым-қатынастары тез шиеленісе бастайды. 11 апрельде Гитлер «Вейс» жоспарын — герман армиясының Польшаға шабуыл жасау жоспарын бекітеді.

Фашистік Италияда батыл қимылдай бастады. Агрессиядағы өз әріптесінің «табыстарына» қызыққан және оған ешкім тойтарыс бермей отырғанын көрген Италия 1939 жылы 7 апрельде өзінің әскерлерімен Албанияға басып кірді. Көп ұзамай-ақ Германия мен Италия бет пердесін мүлде жұлып тастап, ашықтан-ашық кетті. 22 майда олар «Болаттай берік шарт» деп аталатын нағыз талаушы соғыс одағын құрып, шарт жасасты. Бұл жолы империалистік жыртқыштар «қорғаныс үшін» немесе «антикоммунистік» деп бүркемелеп жатуды тіпті қажет деп таппады да.

Соғыс басталар алдындағы ең соңғы, әбігерлі айлар келіп жетті. Совет Одағы фашистік державалардың агрессияшыл әрекеттеріне тойтарыс беру жолында батыл күрес жүргізе отырып, СССР-дің, Англияның, Францияның, бейбітшілік сүйгіш барлық халықтардың күштерін біріктіруге қажымай шақырумен болды. СССР үкіметі агрессияның сыбайластарын—ағылшын-француз мюнхеншілдері мен олардың мұхиттың ар жағындағы дем берушілерін әшкереледі. 1939 жылы мартта Москвада ВКП(б)-нің XVIII съезі болды. Бейбіт қатар өмір сүру жөніндегі лениндік принципті жүзеге асыруға дәйектілікпен кірісе отырып, съезд алдағы уақытта да бейбітшілік және барлық мемлекеттермен байланысты нығайту саясатын жүргізу міндетін қойды. Съезд соғысқұмарлардың арам ниетінің қауіпті екенін атап көрсетіп, олардың елімізді соғысқа арандатуына жол бермес үшін сақ болуға шақырды. XVIII съезд болашақ соғыста біздің дұшпанымыз кім бола-

<sup>1</sup> Совет үкіметі ол кезде Чехословакияға көмек көрсету мүмкіншілігінен айрылған болатын: Мюнхен келісімі шарттарының бірі Чехословакияның өзара көмектесу туралы Франциямен және Совет Одағымен жасасқан өз договорларынан бас тартуы және оларды «халықаралық кепілдікпен» ауыстыру болды. 9 октябрьде Сыртқы істер халық комиссариаты Прагадан елдің болашақ шекарасы мен тәуелсіздігіне Совет Одағы тарапынан да кепілдік болуын ол қалай ма екен деп сұрастырды. Чехословакияның Сыртқы істер министрлігі бұл мәселені тек Мюнхен конференциясына қатысқан державалар ғана шеше алады деп жауап берді. Мұның өзімен Чехословакия үкіметі Совет Одағы ұсынған көмекті тағы да қабылдамай қойды.

тыны жөнінде де өз пікірін ашық айтты. Ол ең алдымен герман фашизмі еді.

Гитлердің 1939 жылы мартта Чехословакияны басып алуы Батыс державалары жүргізіп отырған бағыттың күллі кесапаттығын ашып берді. Агрессияның тікелей нәтижесін көзімен көрген жұртшылық пікірінде анағұрлым өзгерістер пайда болды. Егер тура Мюнхеннен кейін Англия мен Францияның буржуазияшыл және социал-демократияшыл топтары Чемберлен мен Даладьеге тыныштық орнатушы деп қараған болса, ендігі жерде «тыныштандыру» саясаты Батыс державалары үшін өлім қауіп-қатері болып табылатынын түсінбейтін адамдар кемде-кем. Еңбекшілер өз үкіметтерінің қызметіне разы еместігін білдіре отырып, фашистік агрессияға қарсы батыл шаралар қолдануды және ең алдымен Совет Одағымен күш біріктіруді талап етті. Жұртшылық пікірінің әсері және Гитлердің орынсыз әрекеттері Англия мен Францияның билеуші топтары арасында да қобалжу туғыза бастады. Олардың мазасын кетірген нәрсе мынадай еді: егер Гитлер Шығысқа шабуыл жасаудың орнына кенет Батысқа қарай жалт бұрылса не болмақ?!

Өздерінің негізгі мақсаты — Германия мен Совет Одағын қарулы қақтығысқа арандату ниетінен айнымаса да, ағылшын-француз саясатшылары дипломатиялық жаңа айлалар қолданды. Олар, бір жағынан, жұртшылық көңілін тыныштандыруға тырысты, ал, екінші жағынан — СССР-мен соғыс одағын жасауымыз мүмкін дегендей емеурінмен Гитлерді сескендірмек болды. Осындай қорқыныш туғызу арқылы Батыс державалар, Германияны өздерімен келісім жасауға мәжбүр еткісі келді. Германияға қарсы бейнебір біртұтас майдан құрылып жатқандай етіп көрсету үшін, ағылшын мен француз үкіметтері 1939 жылы көктемде және жазда Польшаға, Румынияға, Грецияға және басқа кейбір шағын елдерге «кепілдік» беретінін мәлімдеді, әрі дипломатиялық каналдар арқылы Совет үкіметімен келіссөздер жүргізе бастады.

СССР үкіметі агрессияға қарсы күресте Совет Одағының, Англия мен Францияның нәтижелі қарым-қатынасын қамтамасыз ететіндей келісім жасауды көздеді. СССР үкіметі бұл елдер халықтарының бейбітшілікті нығайтуға өз тіршілігі үшін мүдделі екендігі — мұндай қарым-қатынастың объективті негізі деп білді. Советтік ұсыныстардың айрықша белгісі — келісуші жақтардың праволары мен міндеттерінің толық тең болуы.

Алайда, Англия мен Франция Совет Одағына біржақты міндеттер жүктеуге тырысты. Германия Батысқа қарай агрессия жасай қалған күнде, СССР-ден жәрдем талап ете отырып, олар сонымен бірге Совет Одағы жөнінде өздеріне осы сияқты міндеттерді алудан бас тартты. СССР-ді Германиямен соғысқа ұрындырып, өздері жайбарақат қалу міне, Батыс державаларының көздеген мақсаты осы еді. Мұндай саясат екіжүзді, арандатушылық саясат болды. Ұзаққа созылған келіссөздерден кейін Батыс державалары, ақырында, өзара көмектесу туралы СССР-мен жасалған шартқа қол қоюға келісті. Бірақ мұндай шарттың агрессияға қарсы күресте шынымен тиімді құралға айналуы үшін, өзара соғыс көмегін көрсетудің түрлерін, мөлшері мен мерзімдерін дәл белгілеп алу қажет. Сондықтан Совет үкіметі үш елдің әскери миссиялары арасында келіссөздер бастау жөнінде ұсыныс енгізді. Мұндай келіссөздер 1939 жылы августтың орта шенінде Москвада болды. Советтік әскери миссия Европада агрессия болуға мүмкін жайлардың бәрін ескере отырып, СССР-дің, Англия мен Францияның қарулы күштерінің бірлесе қимыл жасауының нақты жоспарын алға тартты.



Бұл арада, Германиямен тікелей шекаралас болмағандықтан, Совет Одағы өз одақтастарына, егер оның әскерлерінің Польша территориясы арқылы өтуіне жол берілген жағдайда ғана көмектесе алатыны аян еді. Батыс державалардың өкілдері әуелбастан-ақ мәселелерді түбегейлі, салдарлы талқылаудан аулақтай берді. Олар соғыс қимылдарын бірлесе жүргізудің алдын ала жоба жоспарын да белгілемеген. Англия мен Франция соғыс жөнінде СССР-мен қарым-қатынас жасауды көздемегені кейіннен жарияланған документтерден мәлім болды. Атап айтқанда, ағылшын миссиясының құпия нұсқауында Англия үкіметі «өзінің қолын байлайтындай» «ешқандай нақты міндеттемелер алғысы келмейді» деп көрсетілген. Миссияға келіссөздерді «мейлінше ақырындап» жүргізу тапсырылған. Міне, осының бәрі герман-поляк қарым-қатынасындағы дағдарыстан кезкелген сәтте соғыс туып кетуі мүмкін шақта болған іс.

Ал буржуазиялық Польшаға келетін болсақ, ол осындай жағдай туып отырғанда өзін-өзі өлімге басын байлайтын позиция ұстады. Елде өкімет басында отырған фашистік сұрқиялар тобы: Мосцицкий, Рыдз-Смиглы және Бек, халықтан ешқандай қолдау көре алмай, шіріген «санация» тәртібін соғыс авантюраларын жасау жолымен сақтап қалуға сенді. Фашистік Германияның СССР-ге қарсы тонаушылық жорығын күтіп және оған қатысамыз деп есептеп, Польша үкіметі Совет Одағының ұсынған көмегін қасарысып қабылдамады, ол совет әскерлерінің Польша территориясы арқылы өтуіне рұқсат етілмейді деп үзілді-кесілді мәлімдеме жасады.

Ағылшын үкіметі СССР-мен келіссөздер жүргізгенде созбұйдаға салу тактикасын ұстады, себебі: ол осынымен қатар Лондонда фашистік Германиямен құпия келіссөздер жүргізіп, бұған Москвадағы келіссөздерден гөрі көбірек мән берді. Ағылшын дипломатиясы гитлершілдерге өзара шабуыл жасаспау жөнінде шарт жасасуды және дүние жүзілік көлемде ықпал ету сферасын айырып алуды ұсынды. Бұл пікір ағылшын министрі Хадсон герман өкілі Вольтагпен әңгімелескенде бүкпесі жоқ, тиянақты айтылды. Екі мемлекеттің алдында «экономикалық іс-әрекеттер жүргізуге қисапсыз мүмкіндік туғызатын шалқыған үш аймақ: ағылшын (Британ.— *Ред.*) империясы, Қытай және Россия жатыр,— деп мәлімдеді Хадсон.— Бұл елдер жайында, сол сияқты басқа елдер жайында да, келісімге келуге болады, ал, Балқан елдерінде Англияның экономикалық ниетпен көздейтін ештеңесі жоқ». Сонымен, Германияның бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін ағылшындардың қолына түсіп кеткен отарларын оның өзіне қайтару керек деп гитлершілдердің қойған талабына жауап ретінде Британия дипломатиясы ашықтан-ашық герман-фашист агрессиясын Шығысқа қарай, СССР-ге қарсы бағыттауға тырысты. Мұндай ұсыныстар жалғыз осымен біткен жоқ. Германияның Лондондағы елшісі Дирксен өзінің Берлинге берген хабарларында: Германия бұл ұсыныстарды қабыл алған күнде «Англия Германияның көз тігіп отырған кейбір мемлекеттеріне берген уәделерінен бас тартар еді. Одан соң, Ұлы Британия Францияның Совет Одағымен одақтастық ынтымағын бұзуына және Оңтүстік-Шығыс Европадағы өзінің міндеттемелерін жоюына ықпал етер еді. Совет Одағымен шарт жасасу жөніндегі келіссөздерін де Англия тоқтатқан болар еді»,— деп атап көрсетті. Сөйтіп, ағылшын дипломатиясы Совет Одағымен келіссөздер жүргізуді сол баяғы мақсаты — Германияға осылайша қысым көрсете отырып, онымен СССР-ге қарсы бағытталған келісім жасау мақсатын іске асыруға пайдаланды.

1939 жылдың жазында біздің елімізге бірден екі майданда, әрі саяси оқшаулану жағдайында соғыс жүргізу қаупі төнді. Батыстан герман агрессиясының СССР-ге тап беру қаупі күннен-күнге күшеюімен қатар шығыстан Жапонияның шабуыл жасау қатері төнді. Май айында жапондар Халхин-Гол өзені аймағында Монғол Халық Республикасының жеріне басып кірді. Өзара көмектесу жөнінде келісімі бар Совет Одағы мен Монғолия басқыншыларды айдап тастау үшін соғыс әрекеттерін өрістетуге мәжбүр болды. Совет үкіметінің алдында дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетті жойып жіберуді көздеген халықаралық реакцияның жоспарларын күйрету міндеті тұрды. Бұл тек совет халқының ғана өмірлік мүддесі емес-ті, мұны барлық елдер еңбекшілерінің мүддесі талап етті. Совет үкіметі Германияның ұсынысын қабылдап, онымен өзара шабуыл жасаспау жөнінде шартқа қол қоюға мәжбүр болған себебі де осыдан еді. Бұл шартқа 1939 жылы 23 августа Москвада қол қойылды.

Англия мен Франция өкілдерінің ұстаған позициясы себебінен әскери миссиялардың Москвада жүргізілген келіссөздері тоқталды. Бұл келіссөздерде совет делегациясын бастаған К. Е. Ворошилов өзінің 1939 жылы 27 августа «Правдада» жарияланған интервьюінде былай деп мәлімдеді: «Англия және Франциямен жүргізілген келіссөздер СССР шабуыл жасаспау туралы Германиямен шарт жасасқандықтан тоқталып қалған жоқ, қайта, бұған керісінше, Франция және Англиямен жүргізілген әскери келіссөздердің тұйыққа тірелуінің нәтижесінде СССР шабуыл жасаспау туралы Германиямен шарт жасасты».

Гитлер үкіметінің Совет Одағымен келісім жасауға ұмтылған себебі — Германия ол кезде СССР-ге қарсы соғыс бастаудан әлі де қауіптенген еді. Ол әуелі Батыс Европа елдерін басып алмақ болды, содан кейін ол елдердің байлықтарын пайдалана отырып, СССР-ге соқтығуды ойлады.

Совет үкіметі Германиямен договор жасай отырып, олардың ерте ме, кеш пе біздің елімізге қарсы соғыс ашатынын білді. Бірақ бұл договор империалистік державалардың советке қарсы бірыңғай тұтас майдан кұруына мүмкіндік бермеді, әрі СССР-дің өз қорғанысын нығайта түсу үшін қажетті уақыт ұтуына мүрсат берді. Советтік сыртқы саясат империалистердің өз қайшылықтарын СССР есебінен шешпек болған әрекетін күйретті<sup>1</sup>.

Біздің жауымыз бен дұшпандарымыз Англиямен және Франциямен жүргізілген соғыс жөніндегі келіссөздерді бұзуда жауапкершілікті Совет Одағына артуға, ол Германияны батыс европалық елдерге қарсы соғысқа әдейі айдап салғысы келді деп оны айыптауға әрекет-

---

<sup>1</sup> Соғыстан кейінгі жарияланған материалдар империалистік мемлекеттердің билеп-төстеуші топтарының бұл әрекеттерден еш уақытта бас тартпағанын растайды. Ол ол ма, екінші дүние жүзілік соғыс болып жатқан жағдайда бұл әрекеттер типті күшейе түсті. Мынадай бір екі факт өте көңіл қоярлық. Ағылшын елшісі С. Криппс, У. Черчилльдің И. В. Сталиннің атына жіберген хатын 1941 жылы апрельде СССР Сыртқы істер министрлігіне жолдай отырып, былай деп мәлімдеуді қажет деп тапты: «...егер совет үкіметі одақтас державаларға қарсы Балқанда әлі қарсылық көрсетіп отырған елдермен қарым-қатынас жасау туралы дереу шешім қабылдамаса, орыстар өзінің шекарасын басқалармен бірге қорғау жөніндегі ең соңғы мүмкіншілігін жоғалтады». Дәл осы кезде, У. Черчилльмен тығыз байланысты, канадалық миллионер У. Стефенсон бастап отырған Нью-Йорктегі ағылшын барлаушы орталығы АҚШ-тағы Герман елшілігіне «Германия әлдебір ірі соғыс операциясын іске асырған кезінде СССР-дің онан әрі соғыс агрессиясын жасайтын ниеті бар» деген мәлімет «тастап жіберді». Ағылшын үкіметі СССР-ді Германиямен қақтығысуға арандатып, олардың арасында мүмкіндігінше тезірек қанқұйлы соғыс туғызуға тырысты.

тенді және қазір де солай әрекеттенуде. СССР-дің сыртқы саясатына жасалып отырған бұл дәлелсіз шабуылдың негізсіздігі мен өрескелдігі сонша, тіпті кейбір буржуазиялық насихатшылар оларды теріс деп табуға мәжбүр болып отыр. Мысалы, Жак де Лонэ өзінің «Ең жаңа тарихтың даулы проблемалары» деген кітабында былай деп жазады: «...орыстар француздармен және ағылшындармен келісеміз ғой деп үміттенді... орыстарды екіжақты әрекет жүргізді деп айыптайтын дәлел жоқ». Титтей де болсын күнілгері кесіп-пішпейтін зерттеуші сол кездегі халықаралық жағдайды, соғыс жөніндегі келіссөздердің материалдарын зерттей отырып, сөзсіз мынадай қорытындыға келеді: нақ сол ағылшын мен француз үкіметтерінің өздері екіжақты әрекет жүргізіп, СССР-ді Германияға қарсы соғысқа итермелеуге және мұны өздерінің империалистік мақсаттарына пайдалануға тырысты.

## **2. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы**

1939 жылы 1 сентябрьде Германия Польшаға шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде 3 сентябрьде Англия мен Франция Германияға қарсы соғыс жариялады. Бұл көрер көзге ғана Польшаны «құтқарып қалу» үшін жасалды. Ал шынына келгенде, поляк халқы тағдырының қалай болатыны ағылшын мен француз билеп-төстеушілеріне бәрібір еді. Олар империалистік бәсекелесі ретіндегі Германияның шамадан тыс күшейіп кетуінен қорыққандықтан онымен қарулы жанжалға шығуына мәжбүр болған. Мюнхеншілердің капитализм лагері мен оқшауландырылған социалистік мемлекеттің арасында соғыс өртін тұтандырмақшы болған есебіне қарамастан, соғыс капиталистік дүниенің өз ішінде шығып қалды.

Герман жоғарғы командованияесінің жоспары бойынша ірі күштер, әсіресе танк және әуе күштері арқылы тұтқиылдан бастырмалата соққы беру жолымен Польшаны бір ғана қысқа мерзімдік қимыл әрекетімен талқан етпек болды. Польшаға үш жақтан — Шығыс Пруссиядан, Помераниядан және Силезиядан — тап берген бес армияның құрамына 65 дивизия мен бригада кірді, оның ішінде 41 жаяу әскер, 11 танк және моторлы дивизия мен бригада болды. Польшаға шабуыл жасауға 2800 танк, 2 мыңдай самолет, 100-ден астам соғыс кемелері қатысты. Польша бұл күштерге 36 жаяу әскерлер дивизиясын, 2 моторлы механикаландырылған бригаданы, 11 атты әскерлер бригадасын қарсы қойды. Польша әскерлерінде 860 жеңіл танк, 420 самолет және 12 соғыс кемесі болды.

Польшаға қарсы агрессия жасай бастаған кезде Гитлер Англия да, Франция да Польшаға пәлендей көмек жасай қоймас деп сенген еді. Бұл есебі дұрыс болып шықты. Германияға соғыс жариялағаны болмаса, бұл екі мемлекеттен Польша ешқандай көмек алған жоқ.

31 августа елде жарияланған бар күшті соғыс мақсатына жұмылдыру ісі, шындығында, жүзеге аспай қалды. Батыстан, солтүстіктен және оңтүстіктен басып кірген герман армияларының тез алға басуына Польшаның бұл бағыттарда берік қорғаныс шептері мен бекіністерінің болмауы жеңілдік берді. Пан Польшасының билеушілері Совет Одағына қарсы соғысқа даярланып, қорғаныс шептері мен бекіністерді шығыс жаққа салған болатын. Ал қару-жарақ қоймалары батыс жаққа орналастырылған болатын, сондықтан олар гитлершілдерге оңай олжа болды. Неміс-фашист әскерлері бас-аяғы бір апта ішінде көптеген участоктарда елді ішкерлей бұзып өтті. Польша әскерлерінің алғашқы күндердің өзінде-ақ кейін ығысуы кешікпей бейберекет



шегінуге айналды. Жоғарғы командование ставкасы астан-кестеңі шыққан бір былық болды. Польшаның билеушілері 4—6 сентябрьде Варшаваны тастап, Люблин мен Брест аймағына көшті, ал 17 сентябрьде ел-жұртын тастап, Румыния шекарасынан өтіп кетті. Алайда, поляк патриоттары өз Отанына адал болып қала берді. Көптеген солдаттар мен офицерлер, бүтіндей әскери бөлімдер мен бөлімшелер сол бір қайғылы күндерде асқан ерлік пен табандылық көрсетті. Фашист басқыншыларына қарсы ұрыстарға еріктілерден құрылған отрядтар да қатысты. Олардың ішінде коммунистер де аз емес еді. Варшаваны қорғаушылар қайтпас қажырлы жігердің өнегесі бола білді. Астана үшін ұрыстар 8 сентябрьде басталды. Авиацияның айуандықпен рақымсыз бомбалауы мен гитлер әскерлерінің қатуланған қыспағына қарамастан, Варшава үш апта бойы табан тіресті. Бірақ күш тең емес-ті. Қалаға солтүстіктен, солтүстік-батыс пен оңтүстік-батыстан анталай шапқан герман тобыры бірте-бірте поляк армиясын тықсыра келіп, үлкен қоршауға алды.

Сентябрьдегі апатқа ұшырау буржуазиялық-помещиктік Польшаның түгелдей жеңіліп, өз алдына мемлекет болудан қалғанын көрсетті. Апатқа ұшыраудың негізгі себебінің бірі — Польшаның билеп-төстеуші топтарының герман-совет қайшылықтарын пайдаланғысы келген авантюристік, антисоветтік саясатының салдары еді. Совет Одағының көмегінен бас тартып, Польша үкіметі басқыншыларға қақпасын ашып салды, өз халқын азап пен қайғы-қасіретке, ұлт тәуелсіздігінен айрылуға душар етті. Ал, сол кезде социалистік мемлекетпен тығыз достық орнатып, одақ жасағанда, біртұтас антифашистік майдан құрғанда ғана Польшаның қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын еді.

Екінші бір себеп — ағылшын-француз билеуші топтарының опасыздығы болды. Батыс державалардың Польшаға берген атышулы «кепілдіктері» фашистік рейхпен дипломатиялық арбасу кезінде пайдалану үшін ғана айтылған уәде болатын. Англия мен Франция өз одақтасына өлім қауіпі төнген сәтте сырт беріп, герман танкілері поляк жерінде оңды-солды ойқастап, оны бөлшектеп жатқанда міз бақпастан қарап отырды. Тап сол күндерде Батыс жақтан батыл соққы берілсе, соғыстың беталысы бүтіндей өзгерер еді. «Біз 1939 жылдың өзінде жеңіліске ұшырамаған себебіміз, — деп мойындады Нюрнберг процесінде Германияның жоғарғы командованияесінің операциялық басшылық штабының бастығы Иодль, — біз Польшамен соғысып жатқан кезде Батыста 23 герман дивизиясына қарсы тұрған француздар мен ағылшындардың 110-ға жуық дивизиялары мүлде қимыл көрсеткен жоқ».

Буржуазия тарихшылары Батыс державаларының Польшаға берген міндеттемелерінен бастарту себебін олардың соғысқа әзір болмағандығынан деп түсіндіргісі келеді. Ал, шындығында, Англия мен Францияның бас тарту себебі басқа еді. Ол елдердің билеуші топтары шығысқа қарай тоқтаусыз зырғып бара жатқан гитлер армиялары сол бетінде Совет Одағының жеріне бірден басып кірер деп үміттенді. Сондықтан олар қансырап жатқан Польшаға қол ұшын бергісі келмегені былай тұрсын, тіпті оның тезірек жеңілуін күтті. Батыс державалардың басшылары өздерінің бүкіл әрекетімен Гитлерге тыл жағыңнан қауіптенбей-ақ СССР-ге шабуыл жасай беруіңе болады дегенді аңғартты. Сонымен, олар сол баяғы Мюнхен саясатын жалғастыра түсті.

Польша жеңілгеннен кейін де Англия мен Франция сол саясатты жүргізді. Соғыс әрекеттері теңіздегі жекелеген операциялармен ғана тынды. Батыс майданды ғажайып бір тыныштық жайлады: қыруар армия бетпе-бет келіп тақасып тұр, бірақ шайқасу деген жоқ, тек әр

жерде ғана кездейсоқ оқ атысып қалады. Герман территориясына бірде-бір бомба түспеді. Одақтастардың авиациясы неміс әскерлерінің үстіне әкеліп, Гитлерді «Москваға келгенде жуасып қалды», коммунизмге қарсы күресуден ол бас тартты деп жазғырған антисоветтік листовкалар тастады. Солдаттар әрекетсіз жүруден сарылып, қажыды. Бұл соғысты олар «отырып соғысу», «мазақ соғыс», «ғажап соғыс» деп келемеждей атады. Жұрттың көбі тегінде соғыс болмайды, барлығы тек «құрметті» бітіммен тынады деп сенді.

Ағылшын-француз билеуші топтары Гитлер Батыста шабуыл бастайтындай ондайлық ақымақ емес деп санады. Ағылшын генералы Монтгомериге 1939 жылы декабрьде Чемберлен: «Немістердің бізге соқтығатындай ниеті бар-ау деп мен әсте ойламаймын» деп сенімді пікір айтқан. Де Голль өзінің соғыс мемуарларында көрсеткеніндей, Француз үкіметінің мүшелері арасында да осындай пиғыл үстем болған. Одақтастардың іс-әрекетіндегі жан түршігерлік бір нәрсе — Франция мен Англия монополистерінің бейтарап елдер арқылы Германияны стратегиялық шикізатпен және материалдармен жабдықтағандығы болды. Баю үшін капиталистік монополиялар не істемейді дейсіз!

Француз буржуазиясының өз халқына қарсы нағыз соғыс жүргізуі де Гитлерге тікелей көрсеткен қызметі болды. Реакция басты соққыны фашизмге қарсы ең табанды, ең батыл күрескерлер — коммунистерге жаудырды. 1939 жылы 26 сентябрьде Француз коммунистік партиясы заңсыз деп жарияланды. Мыңдаған коммунистер түрмелер мен тұтқындар лагерьлеріне қамалды. Көптеген демократияшыл ұйымдар мен олардың баспасөз органдары талқандалды.

Өздерінің бақталасы Германияға қарсы батыл күрескісі келмей, Батыс одақтастары жатпай-тұрмай агрессормен астыртын келісімге келудің жолын қарастырды. Өздерінің Люксембургтегі, Испания мен Италиядағы дипломатиялық өкілдіктері арқылы олар гитлершілдерге Германиямен соғысу Батыста «лайық емес», белгілі бір шарттармен бітімге келуге болар еді дегенді білдіріп жатты.

Ағылшын-француз билеуші топтары герман агрессорының бетін СССР-ге бұру үшін совет-финляндия соғысын пайдаланып қалғысы келді. Францияда, Англияда, АҚШ-та және басқа буржуазиялық елдерде аласұрған антисоветтік науқан басталды. «Буржуазия өте-мөте құтырынып кетті, — деп жазады француздың буржуазияшыл журналисі де Кериллис. — Ол крест жорығын көкседі... Россиямен соғыс! — деп жаппай зар қақсады... Бұл кездің өзі бір, антикоммунистік сандырақтың шектен шыға асқынып, қояншық ұстағандай құтырынған шағы еді».

Англия мен Франция Финляндияға көмек дегенді бетке ұстап, антисоветтік майдан ұйымдастыра бастады, оған Германияны да тартпақ болды. Олар финнің реакцияшыл үкіметіне қару-жарақ, оқ-дәрі жеткізіп беру жөнінде фашистік державалармен қарым-қатынас жасады, Мурманскі мен Ленинградқа соққы беруі үшін Финляндияға жібермек болып, дереу экспедициялық әскерлер жасақтайды, СССР-ге оңтүстіктен басып кірудің жоспарын белгілейді.

Сөйтіп, ағылшын-француз билеуші топтары Германияға қарсы соғысудың орнына, өздерінің барлық ой-ниетін Совет Одағына қарсы соғыс әзірлеуге жұмсады.

Англия мен Франция билеушілерінің антисоветтік авантюраларға бой ұрып, майданда қыбыр етпей, тек отыруы гитлершілдердің Европада агрессияны одан әрі жалғастыру үшін мұқият әзірленуіне мүмкіндік берді. Фашистік сұрқиялар тобы Францияны талқандал, Европа